

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**



БЕКІТЕМІН

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ. Идрисова

2023 ж.

**«Биологиялық және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2022-2023 оқу жылында атқарылған
жұмыстарының есебі**

Түркістан – 2023

АК жұмысы ұйымдастырылып «Биология және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша бекітілген АК жұмыс және мәжіліс жоспары, ережелермен, сонымен бірге жұмыс беруші «Қаратау мемлекеттік қорығы» РММ басшысы А.Қ.Ниязовпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі таңда бірнеше қазақстандық жоғары оқу орны өз студенттерінен күтетін жалпылама құзыреттердің таңдаулы жиынтығын (білімгерлердің/түлектердің атрибуттарын) жариялап, анықтаған. Мысалы Назарбаев Университеті барлық мектептер мен университеттердің білім беру бағдарламалары үшін негізгі дағды ретінде мынадай 10 құзыретті айқындады: 1) коммуникация; 2) әлеуметтік дағдылар; 3) шығармашылық, инновация және кәсіпкерлік; 4) этика және адалдық; 5) аналитикалық және сыни ойлау; 6) көшбасшылық және топтық жұмыс; 7) икемділік, бейімделгіштік; 8) зерттеу дағдылары; 9) цифрлық дағдылар; 10) өмір бойы оқу.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің түлектерінің атрибуттарын университет миссиясы мен құндылықтары негізінде бірігіп жасалу қажет.

Биология және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты бойынша түлек атрибуты ұсынылды:

1. Жүйелі ойлау қабілеті
2. Коммуникациялық қабілет
3. Зерттеу және жобалау дағдылары
4. Көшбасшылық дағдылар
5. Өмір бойы білім алу

2023-2024 оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен – жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды. Пәндерді

біріктіру мәслесі кафедра мәжілісінде қарастырылып, қажетті модульдер бойынша шешімдер қабылданды.

ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын негізінде талдау жұмыстары қарастырылды.

Факультетте ұйымдастырылған семинарда университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесі қарастырылды. Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды. ББ әзірлеу 4 кезеңнен тұрады: 1) ББ әзірлеуге дайындық; 2) ББ жобалау; 3) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу; 4) ББ әзірлеу сапасын бағалау. Осы кезеңдерде атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау бойынша түсіндірме жүргізілді. ОН жобалау кезінде ББ түлектердің келесі негізгі құзыреттерін қалыптастыруын ескерілді: 1) мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттері (өзін-өзі оқыту және жүйелі ойлау; трансдисциплинарлық (пәнаралық) және кроссфункционалдылық; акт-және тілдік құзыреттер; технологиялық сауаттылық; креативтілік; тапқырлық; әлеуметтік интеллект, команда мүшелерімен ынтымақтастық; клиентке бағдарлану, тұтынушының сұрау салуларымен жұмыс істей білу; жоғары белгісіздік және міндеттер шарттарының жылдам өзгеруі режиміндегі жұмыс (тез шешім қабылдай білу, жұмыс жағдайларының өзгеруіне ден қоя білу, қорларды бөле білу және өз уақытын басқара білу) - soft skills). 2) әрбір маманға кез келген жағдайда нақты әрекет етуге және шешім қабылдауға мүмкіндік беретін кәсіби дағдылар (hard skills).

ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау сұрақтары қарастырылып бағдарламаның атауы бағдарламаның мазмұнын көрсетуі, қысқа, нақты, тартымды және мазмұнды болуы қарастырылды.. ББ атауы Сыныптауышқа сәйкес дайындау бағытына сәйкес келуі тиіс. ББ мақсаты мүмкіндігінше қысқа (1-3 сөйлемде), білім алушылар алатын құзыреттіліктерді нақты және анық жинақтау керек. Бұдан әрі ББ мазмұны бағдарламаның модульдерін/оқу пәндерін айқындау арқылы жобаланды. ББ кәсіби функциялар мән-мәтінінде әзірленді және мазмұны модульдер бойынша оқытудың мақсаттарына, құзыреттері мен нәтижелеріне байланысты болатын оқу пәндерінің тізбесінен тұрды. Пәннің сипаттамасы 50-60 сөзден тұруы, оның қысқаша мазмұнын

және белсенді оқытудың қолданылатын әдістерін ашуы қамтылды. Кәсіби стандарт негізінде әзірленген ББ-да негізгі еңбек функциялары құзыреттілікке және оқыту нәтижелеріне негізделді.

ББ өзіндік бағалау жұмысына негіз болатын міндетті мәліметтерге жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері; сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері жатады. Осыған байланысты «Қаратау мемлекеттік табиғи қорық» РММ, Кентау қаласының «Жас қала» КММ жұмыс берушілермен тығыз жұмыстар атқарылды.

Осымен бірге, ББ-ның паспортында көрсетілуі қажет бөлімдер, атап айтқанда қолдану саласы; ББ-ның академиялық кредит көлемі; нормативтік-құқықтық қамтылуы; ББ аясында дайындау бейінінің картасы: ББ мақсаты; ББ тұжырымдамасы; түлектің біліктілік сипаттамасы: берілетін дәреже; маманның лауазымдарының тізімі; кәсіби қызмет саласы; кәсіби қызмет объектісі; кәсіби қызмет функциялары мен түрлері. 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология ББ талқылау барысында жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

Білім беру бағдарламаларын тізілімге енгізу төрт кезеңде жүргізілді: 1) білім беру ұйымының бағдарламаны тізілімге енгізу үшін ББ өтінімді ұсынуы; 2) әкімшінің өтінімді тексеруі және өтінімді пысықтау үшін өтінім берушіге қайта жолдау (ескертүүлەر болған жағдайда); 3) сарапшының бағдарламаға сараптама жүргізуі және өтінімді пысықтау үшін өтінім берушіге қайта жолдау (ескертілер болған жағдайда); 4) әкімшінің бағдарламаны тізілімге енгізуі не өтінімді Комиссия шешімінің негізінде кері қайтаруы. Бағдарламаны тізілімге енгізу үшін өтінім беруші өтінімді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде электрондық форматта толтырады және әкімшіге жолдайды. Өтінім беруші бағдарламаны пысықтауды әкімші жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Бағдарлама уақтылы пысықталмаса, ол Комиссияның шешімімен қабылданбайды. Әкімші пысықталған өтінімге тексеруді келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Ескертүүлер түзетілген жағдайда әкімші өтінімді сараптамаға жібереді. Ескертүүлер түзетілмеген жағдайда Комиссия шешімі бойынша кері қайтарылады. Осы ескертүүлер назарға алынды.

ББ өзіндік бағалау жұмысына негіз болатын міндетті мәліметтерге жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері; сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері жатады. Осыған

байланысты «Қаратау мемлекеттік табиғи қорық» РММ, Кентау қаласының «Жас қала» КММ жұмыс берушілермен тығыз жұмыстар атқарылуда.

ББ-ның паспортында көрсетілуі қажет: қолдану саласы; ББ-ның академиялық кредит көлемі; нормативтік-құқықтық қамтылуы; ББ аясында дайындау бейінінің картасы: ББ мақсаты; ББ тұжырымдамасы; түлектің біліктілік сипаттамасы: берілетін дәреже; маманның лауазымдарының тізімі; кәсіби қызмет саласы; кәсіби қызмет объектісі; кәсіби қызмет функциялары мен түрлері. 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология ББ талқылау барысында жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

Білім беру бағдарламаларын Тізілімге енгізу төрт кезеңде жүргізіледі: 1) білім беру ұйымының бағдарламаны Тізілімге енгізу үшін ББ өтінімді ұсынуы; 2) әкімшінің өтінімді тексеруі және өтінімді пысықтау үшін өтінім берушіге қайта жолдау (ескертілер болған жағдайда); 3) сарапшының бағдарламаға сараптама жүргізуі және өтінімді пысықтау үшін өтінім берушіге қайта жолдау (ескертілер болған жағдайда); 4) әкімшінің бағдарламаны Тізілімге енгізуі не өтінімді Комиссия шешімінің негізінде кері қайтаруы. Бағдарламаны Тізілімге енгізу үшін өтінім беруші өтінімді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде электрондық форматта толтырады және әкімшіге жолдайды. Өтінім беруші бағдарламаны пысықтауды әкімші жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Бағдарлама уақтылы пысықталмаса, ол Комиссияның шешімімен қабылданбайды. Әкімші пысықталған өтінімге тексеруді келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Ескертулер түзетілген жағдайда әкімші өтінімді сараптамаға жібереді. Ескертулер түзетілмеген жағдайда Комиссия шешімі бойынша кері қайтарылады. Осы ескертулер назарға алыну тиіс.

6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделуі қарастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығына қосымша «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмі» ережесі негізге алынды. Оператор ЖЖОКБҰ өтінімін растайды және 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде толтырудың дұрыстығына тексеру жүргізеді. Тексеру рәсімі автоматтандырылған түрде жүзеге асырылады. Дұрыс толтырылмаған өтінімді ЖЖОКБҰ себептерін көрсете отырып, пысықтау үшін қайтарады. Пысықталғаннан кейін ЖЖОКБҰ қайтадан өтінім береді. «ББ тізілімі» АЖ-да деректердің дұрыс толтырылуын

тексеруден өткеннен кейін білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау мақсатында 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ББ паспортына сараптама жүргізіледі. Қажет болған 5 23.12.2020 18.02.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) жағдайда сарапшылар оператор арқылы білім беру бағдарламасы туралы қосымша ақпарат сұрай алады.

Негізінде ЖББМ-нің негізгі мүдделі тараптары студенттер мен түлектер, ЖББМ оқытушы-профессор құрамы, комитеттер, жұмыс берушілер, ЖББМ деканы, оқу ісі жөніндегі орынбасары, ғылыми жұмыстар жөніндегі декан орынбасары, ЖББМ академиялық және студенттік істері бойынша әкімшілері.

Бағдарлама әзірлеудің алғышарттары:

“Төменнен жоғары” :

1. Барлық негізгі мүдделі тараптардың кері байланысын қамтитын процесс.
2. Студенттер мен түлектердің белсенді қатысуы.
3. Профессор құрамының белсенді қатысуы.
4. Жұмыс берушінің қатысуы о ЖББМ стратегиялық серіктесінің қатысуы

“Жоғарыдан төмен” ЖББМ басшыларының басымдықтары

Сапаны қамтамасыз ету процесі қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу оқу жылының соңында штат негізінде анықталады.

ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау арнайы прайс-беттер арқылы орталық кітапханаға ұсынылды.

ББ жобалау оқу пәндері үшін пре- және постреквезиттерді көрсету арқылы бағдарламаның құрылымын және ОН қалыптастыруға бағытталған пәндерді оқу тәртібін айқындауды көздейтінін мәлімдеді.

6B05146-Биология ББ бойынша Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері мен ББ ерекшелігі: Университеттің Ботаникалық бағында дуальды білім беру жүйесінің іске асырылды.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері


Жұмыс беруші	Байланыс нәтижелері
«Қаратау мемлекеттік табиғат қорығы» РММ	ББ жасалды Практика келісім шарттары түзілді Сауалнама алынды
Түркістан облысының «Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналды мемлекеттік мекемесі»	ББ жасалды Практика келісім шарттары түзілді Сауалнама алынды

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

ББ коды және атауы	Түлектер саны	Жұмысқа орналасу көрсеткіші
6B05146-Биология	44	58,1%
6B05169 Биотехнологии	10	80%

6B05146 ББ бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

Білімгерлер контингенті



6B051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағытының БББ көрсетілген қызмет ету салаларына жататын кәсіби қызметінің объектілері биология саласында, ұйымның әр түрлі деңгейдегі биологиялық жүйелерде, табиғатты қорғау ұйымдарында ЖОО-да маман және лаборант, инженер, ғылыми-зерттеу институттарында, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларында лаборант; ұлттық парктерде, қорықтарда, зоопаркте, ботаникалық бақта, жас натуралистер станциясында, селекциялық және обаға қарсы станцияларда, табиғат мұражайларында маман; ғылыми-өндірістік, жобалық, геоботаникалық мекемелерде техник, аға техник; экологиялық

жобалық, геоботаникалық мекемелерде техник, аға техник; экологиялық қызмет және ұйымдарында маман; мемлекеттік басқару ұйымдарында, әкімшілікте маман және т.б атқаратын маманның лауазымдарына сай штаттық бірліктердің өте аз болуы түлектердің жұмысқа орналасуына кедергі ретінде қарастыруға болады.

Қорыта айтқанда, «Биологиялық және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар жоспар бойынша уақытылы жүргізіліп, оқу үдерісіне қажетті барлық іс-құжаттармен қамтамасыз етілген. 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламаларының оқу үдерісіне қажетті зертханалық жабдықтардың жетіспеушілігі, кей құралдардың мүлдем болмауының салдарынан, бітірушінің кәсіби дайындығына әсер етуші фактор екендігі қалып отыр.


«Биологиялық және сабақтас ғылымдар»

даярлау бағыты Академиялық комитет төрағасы



Қ.Т. Абдраимова

Академиялық комитет хатшысы



Г.О. Абишова